№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 29.08.2022ж Қатысқандар саны: 12

КҮН ТӘРТІБІ:

№ 1 педкеңес

Тақырыбы : МДҰ жаңа оқу жылына дайындығы.

1. Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру.

2. Денсаулық технологиясы. Баяндама.Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

3.Жас мамандарға тәлімгергерлерді бекіту.

4.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: К.Тайшабаева сөз алды .
Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға,эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасалынды.Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты қадағаланып жұмыстар жүргізілді. Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізілді:
-әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасалып;-бала өмірін қызықты және мазмұнды етуіне ықпал жасалынды;
Балабақша педагог қызметкерлері бүлдіршіндерді құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйретті;
-дене және психикалық денсаулығын медбикемен біргелесе және психолог мамандарымен бірге нығайту жолдарын қамтылды.
Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды
Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:
балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;
балалардың спорттық іскерліктерін дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.Осы іс әрекеттер барлығы орындалғаны туралы айта кетті.
Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен берілді.

2. Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру
Тыңдалды меңгеруші **К.Тайшабаева сөз алды .** «Ақбота Д» бөбекжай балабақшасы Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Достық ауылдық әкімшілігі,

орналасқан. Балабақша жекеменшік комиссия шешімімен 2011 жылы берілген, іске қосылды. Балабақша 1 ғимараттан құралған. Ғимарат шешінетін, оқу- ойын, жатын бөлмеден тұрады. Және де ол жерде асхана, әдіскер бөлмесі, медицина, кір жуатын бөлмелер мен қоймалар бар.Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы көмірмен жылынады. Балабақша темір бетонды қорғанмен қоршарған. Балабақша ауласы көгалдырылған, жеміс ағаштары мен гүлзарларға күтім жасалуда.Балабақша учаскелерінде спорт алаңы мен әрбір топқа арналған саяжайлар бар, олар ойын құралдарымен жабдықталған. Медицина бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен қатар сауықтыруға арналған медициналық құралдармен және дәрі-дәрмекпен жабдықталған.

Тыңдалды балабақша әдіскері: Л.Бултбаева Денсаулық технологиясы. Баяндама.Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организімінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан — жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым — қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке — дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады. Жұмыстың мақсаты — мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Тайшабаева 3.Жас мамандарға тәлімгергерлерді бекіту. Балабақшамызда жас маман Жақыпбек Ләззатқа О.Акшалова және балабақша жылдық жоспарына сай әдіскер Л.Бұлтбаева жұмыс барысын қадағалау өз мерзімінде орындауға тапсырма берді.

4.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Топтарда ересек «Балдаурен» тобына тәрбиеші Акшалова Орынкүл, Әбдуәлі Рыскүл; ересек «Ақбота» тобына Сейтова Анаркүл; Ортаңғы «Балбөбек» тобына Нуртаева Гулзинат, Илимова Айжамал; кіші «Айгөлек» тобына Туракелдиева Гулшахра,Кеңесова Раушан; кіші «Балапан» тобына Жақыпбек Ләззат, Мамасерикова Үміт бекітілсін.

Шешім

1. Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырылсын.

2. Денсаулық технологиясы. Баяндама оқылсын.

3.Жас мамандарға тәлімгергерлерді бекітілсін.

4.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітілсін.

«Ақбота Д» бөбекжай балабақша меңгерушісі: К.Тайшабаева

Хатшы: Л.Бұлтбаева

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 28.11.2022ж Қатысқандар саны: 12

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы : Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.

2. Балабақшадабалалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдай туғызу.Тәжірбие алмасу.

3.Баланың тілдік құзыреттілігін қалай қалыптастырамыз?Баяндама.

4.Ашық оқу қызметінің талқылау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: К.Тайшабаева өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

- 2. Балабақшадабалалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдай туғызу.Тәжірбие алмасу. К.Тайшабева Мен бүгінгі пед.кеңесімізді «Денсаулық туралы» астарлы әңгімеден бастағым келеді — әуен тыныш естіледі.

/ мысал /: «Ертеде құдайлар Олимп тауында өмір сүреді. Оларға көңілсіз болады. Сөйтіп олар адамдарды жаратып, Жер планетасына қоныстан-дыруды шешеді. Олар ұзақ уақыт бойы адам қандай болу керек деп ойласады. Құдайлардың бірі: «Адам күшті болуы керек» десе, екіншісі: «Адам дені сау болуы керек», үшіншісі: «Адам ақылды болуы керек», — дейді. Бірақ құдайлардың бірі: « Адамда бәрі болады. Адамдардағы ең басты – денсалығын жасырып көрейік»,-дейді. Олар адамның денсаулығын жасыруға шешім қабылдады. Олар «денсаулықты қайда жасыру керек?»,-деп ойлана бастады,

Біреулер денсаулықты көгілдір теңізде, ал басқалары биік таулардың артында жасыруды ұсынды. Сіздің ойыңызша, құдайлар адам денсаулығын қайда жасырды? Құдайлардың бірі: «Денсаулық адамның өзінде жасырылуы керек» деген екен. Адамдар өз денсаулығын табуға тырысып, ұзақ уақыт осылай өмір сүрген. Бірақ бәрі де құдайлардың баға жетпес сыйлығын тауып, сақтай алмайды! Демек, денсаулық менің бойымда, әрқайсымызда және әр балада жасырын болады. Сонымен, біздің бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы «денсаулық» тақырыбына арналады.

Миға шабуыл

- Айтыңыздаршы, біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты? (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене

шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар,

белсенді демалыс)

Денсаулық дегеніміз не?

(педагогтердің жауаптары)

Бүгінгі таңда ғылымда «Денсаулық» туралы көптеген тұжырымдама жасалды. Оған толық анықтама беру оңайға соқпады. Олардың кейбірін қарастырайық (педагогтарға слайд түрінде ұсынылады).

Денсаулық — *бұл оны ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі ағзаның қалыпты қызметі.*

Денсаулық — *бұл организмнің және оның қоршаған ортамен атқаратын қызметтерінің динамикалық тепе-теңдігі.*

Денсаулық — *бұл организмнің қоршаған ортадағы үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу қабілеті, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау қабілеті, қалыпты және жан-жақты тіршілік әрекеттерін қамтамасыз ету, организмдегі тіршілік принципін сақтау.*

Денсаулық — *бұл аурудың болмауы, ауыр жағдай, ауыр өзгерістер.*

Денсаулық — *бұл негізгі әлеуметтік функцияларды толығымен орындау мүмкіндігі.*

Денсаулық — *бұл толық физикалық, рухани, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат. Дене және рухани күштердің үйлесімді дамуы, біртұтастық принципі, өзін-өзі реттеу және педагогикалық процестің барлық субъектілерінің үйлесімді өзара әрекеті.*

Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?

(педагогтардың жауаптары, слайд арқылы көрсету)

Тәрбиелеу –сауықтыру, түзету және алдын алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.

Салауатты өмір салтын үйрету үшін қолданылатын технологиялар қандай? *(педагогтардың жауаптары, слайд арқылы көрсету*

Таңғы жаттығулар.

Дене шынықтыру сабақтары

Қарым-қатынас ойындары

Ойын

Құм терапиясы

Нүктелі массаж

Спорттық ойын-сауық мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу жоспарына сәйкес өткізіледі.

Қараңыздар, сіздердің үстелдеріңізде жер үстінде ұшып тұрған боялған шарлар бар. Әуе шарының себетіне кішкентай адамдарды салыңыз. Бұл сіз және сіздің

тобыңыздағы балалар. Сіздердің айналаңызда көк аспан, күн нұрын шашып тұр. Осы сапарға қандай 9 құндылықты бірге алып барар едіңіз, сіз үшін соншалықты маңыздыларын жазыңыз, (мысалы, ақша, денсаулық, отбасы, жұмыс, махаббат және т.б.). Енді сіздің шарыңыз түсе бастады және жақын арада құлап кету қаупі бар депелестетіп көріңіз. Орнында тұру үшін, артық жүктен арылу керек. Артық жүкті алып тастаңыз, яғни тізімнен 3 (содан кейін тағы 3) сөзді сызып тастаңыз. Сіз тізімде не қалдырдыңыз? Әр адам өз құндылықтарын шеңбер бойымен оқиды. Жүргізуші оларды тақтаға жазады. Егер сөздер қайталанса, онда плюс қойылады. Содан кейін өмірлік құндылықтардың рейтингі плюс санымен және оның қатысушылары үшін маңыздылығымен анықталады. Мысалы, 1 орын — денсаулық, 2 орын — отбасы және т.б.

Жүргізуші: Өздеріңіз білетіндей, денсаулықты сақтау табысты тәрбие мен білім алуға, ал сәтті тәрбие мен білім — денсаулықты жақсартуға ықпал етеді. Білім мен денсаулық бір-бірінен ажырамайды.

Сіз балаларға «адамның өміріндегі ең қымбат нәрсе не?» деген сұрақ қойғанда, көбіне жауап ретінде естисіз: «ақша», «машина», «алтын» және т.б. Тағы сұрақтар туындағаннан кейін олар «денсаулық» деп атайды .

Балаларға: «Сендер ауырасыңдар ма?», «Я», «Ал сендерді немен емдейді?»,- дегенде, «дәрілермен»,- деп жауап береді.

— Дәрілерсіз сауығуға, жазылып кетуге болады ма? — «Жоқ!» Мұндай жауаптар балаларды сау болуға үйрету керектігін көрсетеді.

Поляк педагогі Януш Корчак былай деп жазды: «Балалар ересектер сияқты, дені сау және мықты болғысы келеді, тек балалар бұл үшін не істеу керектігін білмейді. Оларды түсіндірейік, сонда олар сақ болады ».

2.«Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тақырыбында

педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады.
Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

3. «Балабақшадағы музыкотерапия». Музыка жетекшісі туралы өз тәжірибесімен бөліседі.

4.Тыңдалды: Л.Бұлтбаева Балабақшада берілген тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан - жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие- үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Демек, бала - біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Сондықтан да заман талабына сай жан-жақты, білімді жас ұрпақты тәрбиелеуде таным ұғымына үңіліп, оны дамыту жұмыстарын қолға алдым.

Құзырлылық – бұл адамның белгілі бір мәселелерді шеше алу қабілеттілігі. Ол адамның білім-білік дағдысына орай қабілеті, сол сияқты өз қабілетіне сенімділігі мен оны пайдалана білу деңгейіне байланысты мотивациясы. Маман құзырлығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол өз қызметіне ерік-күш, материал, уақыт, жүйке сияқты ресурстарды аз жұмсай отырып, нәтижеге жете алатындығы дәлелдеген қағида. Яғни, педогог құзырлығы оның кәсіби қызметінің басты шарты болуы тиіс. Өзін- өзі басқару мен өзін-өзі бағалауға үйрету – біліктілікті жетілдіру жүйесіндегі педогогтың кәсіби құзырын қалыптастыру, бір жағынан мұғалімнің ішкі жеке ресурстарын дамытуға бағытталса, екінші жағынан, ол мемлекет пен балабақша сұраныстарын қанағаттандыруы тиіс.

Латын тілінен аударғанда «құзырлық-өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, қандай да бір негізі бар ой-тұжырым және тиімді әрекет жасай білуі тиіс.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» -дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Еліміздің тірегі білімді, рухты ұрпақ.

Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет - тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты тәрбиелеу, тиянақты білім беру.

Сондықтан бүгінгі таңда тәрбиешінің алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті ,отбасындағы, қоғамдағы ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

«Құзыреттілік - бала іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі,ал құзырет дегеніміз алға қойған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық»

Бүгінгі қоғам мүлдесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық дәстүр қалыптасқан, инабатты да иалы, мейірімді, адамгершілігі мол, рухани бай азаматты тәрбиелеп өсіру- балабақшаның бірден–бір міндеті. Бұл міндеттің жүзеге асырылуына үлес қосатын тәрбиеші-педогог екені белгілі. Ол өзінің кәсіби шеберлігі, біліктілігі, құзыреттілігі арқылы баланың бойына тәрбие, білім нәрін сіңіретінін біледі. «Егер бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайратты - бәрі бірге жұмсалады»,- дей келе, «ақылы, ішкі, сезім, қайрат қатынасатын болғандықтан... үшеуін бірдей тең тәрбие қылу - тәрбиешінің міндеті», - деген ойды М. Жұмабаев анық айтп көрсеткен . Бұл ойды түйіндесек, балалардың өмірінде мектепке дейінгі ұйымның, оның ішінде тәлім-тәрбие беріп отырған тәрбиеші-педогогтың алатын орны маңызды да ерекше.

Тәрбиеші – педогог жас ұрпақтың рухани жетекшісі. Сондықтан да оның кәсіби біліктілігін атап айтсақ:
- оқу – тәрбие процесін заман талабына сай жүргізілетін, әдіс- тәсілдерді түрлендіріп отыратын, дамымалы білім ортасынан сіңісіп кете алатын маман болуы.
- мектепке дейінгі далалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты білу;

- балалардың ойын, оқу, еңбектегі ерекшелігін ескере білетін біліктілігінің қалыптасуы;
- педогогикалық жаңа әдіс- тәсілдерді меңгеріп, жаңаша жұмыс істейтін білуге қабілеттілігі;
- жаңа технологияларды меңгерген, кәсіби құзыреттілігі жоғары шебер, адамгершілік, кісілік қасиеттері басым маман болуы.

Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы педогог-тәрбиешілер үшін стандартта арнайы талаптар жүйесі және педогог сипатын бақылаушы технологиялық карта белгіленген:
- Кәсіби құзыреттілігі;
- Бала жасына сай анатомо – физиологиялық, психологиялық, дәрігерлік білімнің болуы;
- Әр балаға жеке білім беру бағытын әзіреуі;
- Отбасымен іс- әрекет ұйымдастыруы;
- Салауатты өмір маңызын түсінуі;
- Сауатты, эмоционалды, мәнерлеп сөйлеуді;
- Тілдік минимум шегінде мемлекеттік ана тілі және басқа тілде қатынас жасай алуы;
- Балаларға білім берудің тиімді тәсілдерін меңгеруі;
- Эстетикалық талғамының жоғары болуы;
- Шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекетте көрсету;
- Бала пікірін құрметтеу;
- Эмоциялық қолайсыздықтарды жеңе білу;

Осыған орай, қазіргі таңда балабақша тәрбиешілеріне келесі бірыңғай әдістемелік талаптар қойылады:

1. Педогог баланың өмір мен денсаулығына, баланың психологиялық–физиологикалық ерекшеліктеріне сәйкес өз іс-әрекеті нәтижесінің сапасына жеке жауаптылықта болады.
2. педогогикалық білімі, талдау және зерттеу дағдысы бала да
- Әр баланың табиғи қабілетін ескере отырып, балаға көмекші әрі сүйемелдеуші болу
- Оқыту мазмұнын жаңғырта отырып, тиімді әдіс- тәсілдерді кеңірек қолдану
- Адамгершілік қасиеттерін күнделікті өмірдегі қоршаға ортамен таныстыра отырып тәрбиелеу
- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту.
- Баланың сөйлеуін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін меңгерту
- Бүлдіршіндердің адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіптік ережесін қалыптастыру
- Өз Отаны мен туған өлкесіне сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерге құрметпен, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.
- Балалардың қоршаған дүние, өзі және әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктің тұтас бейнесін қалыптастыру
- Баланың танымдық дамуы, интеллектуалдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру, танып-білуге қызығушылығын арттыру.
- Балалардың бойында эстетикалық сезімді дамыту, бейнелеу, көркемдік-тілдік,

музыкалық іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту.
Бала бақшадағы алғашқы таным ол көруден, сезінуден басталады.Оны бала бойына қалыптастырудың тиімді жолы-ойын арқылы жеткізіп, қалыптастыру.
Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымақ емес. Ойын – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу.

В. А. Сухомлинский «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін де емес. Ойын - дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - деген.Ойын- бала бойында танымды қалыптастыруға апаратын бірден-бір жол деп санаймын.

Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары:
- түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
- оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
- сабақтан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту.

Жоғарыда аталынып өтілген мақсат, міндеттерді алға қоя отырып, 3 таңдап алған бағытта балалармен жұмыс істей отырып, болашақ ұрпақтан алда күтер үмітіміз көп.

«Денсаулық құзыреттілігі» бойынша:
- Салауатты өмір салты ережелерін білетін, саптық және спорттық жаттығуларды ересектердің көрсетуімен жалпылай барлық баланың орындай алатындығын

«Коммуникативтік- тілдік құзыреттілігі» бойынша:
- Барлық баланың «үлкенге ізет, кішіге құрмет» көрсете білу керек екендігін ұғынып, ересектерге «сіз» деп сөйлеп, ешбір ересектен жасқанбай сұрақтары мен өтініштеріне жауап беретін, қарым-қатынасқа түсе білгендерін
- Тілдің барлық дыбыстарын дұрыс айтып, сөздерді өзгертіп, басқа сөздермен сәйкестендіре алатын сөздік қоры дамыған, заттардың аттарын толық дерлік айта білетін, әңгіме құрап, ертегінің мазмұнын сипаттай алғандарын

«Танымдық құзыреттелік бойынша:
- Заттардың белгілері мен сипаттамалық ерекшеліктерін сезу, есту, иіс сезу арқылы қабылдап, оларды 2-3 сөйлем арқылы жеткізгендерін
- Уақыт, кеңістік, себеп-салдарлық, мөлшерлер туралы қарапайым ұғымдарды түсіне білгендерін
- Табиғатта өзін-өзі ұстаудың бірнеше нормасын меңгерген, ересектер мен бірге өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасайтын, жаңа ақпарат алудың қажеттілігін түсінетін

«Шығармашылық құзыреттілігі» бойынша:
- Музыкалық бейнелерді жасап, аспаптармен ойнай білетін, дауысын пайдаланып ән айту жолдарын меңгерген
- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен іскерлікті меңгеріп, әр түрлі кескінді орындай білетін

«Әлеуметтік құзыреттілік» бойынша:
- Эмоционалдық көңіл-күйді түсінетін, құрдастармен бірге тұрақты ойын бірлестіктеріне қатысатын, ересектермен танымдық тақырыпта әңгімелесетін, өз қылығын ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетімен бағалай білетін дүниетанымы кеңінен дамыған, қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптасқан, жан жақты білім ала отырып,

тәрбиеленген ұрпақтардың өсіп- өніп жетілетіндіктеріне сенімімді артып, осындай дәрежелерге көшпен бірге жететіндігімізге сенемін.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының базалық оқу жоспарына сүйене отырып, балабақша қабырғасында тәрбиеленіп жатқан ұрпақты оқыту, дамыту, тәрбиелеу басты мақсат болғандықтан. Балалармен оқыту, білім беру жұмыстары үздіксіз орындалып отырады.

Мектепке дейінгі мекемедегі баланың танымдық құзыреттіліктерін дамытуда біртұтас кеңістікті қалыптастыру.
Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой – өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», - деп жазды.
Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды (А.Н.Журавльев, Н.Ф.Талызина, Р.К.Шакурова және т.б.). Олай болса психология ғылымында «құзыреттілік» танымдық (когнитивтік), пәндікпрактикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-рухани, этникалық және әлеуметтік–экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байлаысты болады. Осылайша ересек топтағы балалардың қалыптастыру мүмкіндігі анықталады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыретттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасыз құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д.Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді:
«құзыреттіклі» ұғымым тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықлың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды:
құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;
құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;
құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында қалыптасады.
Мектепке дейінгі жаста баланың зейіні қабылдауына тығыз байланысты. Затты, бөлшектерді ерекшеленуі, эталонмен салыстыру - барлық перцептивтік әрекеттер назарды қосады және оның дамуына әкеледі.

Мектепке дейінгі балалықта зейіннің екі түрі де дамиды. Еріксіз зейін - жаңа жануарлар, құрт-құмырстқалардың, гүлдердің түрлері туралы сарала білімдерді қорытуына байланысты.

Ерікті зейін мақсатты әрекет барысында дамиды. Әрекет мақсаты жобалайтын нәтижеге бейнесі ретінде барлық әрекеттің соңына дейін назарды ұстайды.

Балалардың зейінін сабақта ұйымдастыру бейнелерге, дыбыстарға, дауыстың өзгеруіне, ғажайып интонацияға тіреніп ерікті назарды «еріксіз» бейімделуге қызықтырады.

Ересектерде зейін тірегі нақты қойылған тапсырмалар, жарысу уақыты, дисциплиналық талаптар, сұрауға уәде болады. Бірақ оларға да назарды түсті, ерекше «еріксіз» белгілермен тарту керек.

Зейін қабілетін дамытуға арналған келесі: «5 айырмашылық тап», «Ұқсастықтарын тап», «Тауып ал да, сыз» ойындарды қолдануға болады.
Мектепке дейінгі жас-біздің биографиялық естің басы. Көбі 3 жасқа дейінгі оқиғалары естерінде жоқ,ал 3 жастан кейін көбінің есінде сақталған. Ол өскен есте сақтау беріктілігінің көрсеткіші. Бірақ бала есі бірнеше ерекше айырмашылықтары бар. Біріншіден, ол еріксіз. Екіншіден, есте сақтау жағдайлы еске кітап сюжеті ғана түспейді,сонымен барлық жетектейтін объекттері, барлық жағдайды қабылдау сюжеті түседі.
Жан гипотезасы бойынша біздің жадымыз басқаға беру қажеттілігінде пайда болады. Балаға осындай қажеттілік ойында қалыптасады.
5 жаста сөздің жүргізіші рөлі күшейтіледі, бала бәрін есіне түскен бойымен айтпай, кезекпен дұрыс айта бастайды. Алты жасар бала мазмұндау кезінде «анда тағы басқалар болған,бірақ мен ұмытып қалдым» дегенді көреді. Өзін басқару ақыл-ой әрекетінде таратылады. Еріксіз есте сақтауда логикалық байланысқа сүйенеді. Әрекеттер мен бейнелер - олардың жадының негізі. Қайталанатын қозғалыстар мен ритмді соғу тақпақты немесе әнді жаттауға көмектеседі. «Суретті еске сақта», «Зообаққа саяхат», «Қалай болғанын еске түсір», «Еске түсір де, суретін сал» ойындар сияқты еске сақтау қабілеттерін дамыту үшін қолдануға болады.
Қиял қабілеттерін дамытуға «Бояулар», «Үрлемелі шар», «Әңгіме құр», «Суретті ата» ойындар өткізуге болады.
Мектепке дейінгі жаста барлық үш ойлау дамиды және қызметін атқарады: көрнекі-әрекеттік, бейнелік және сөздік-логикалық. Олардың әр қайсысы өзіндік қарым-қатынас пен байланысты орнатуға, заттардың сипатын жалпылауға көмектеседі.

Ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар: «Ұқсастығын тап», «Сурет құрастыр», «Қатармен қой»., т.б. Мектепке дейінгі жас - тілдің қарқынды даму кезеңі. Әнгімелесу функциясымен қатар тіл ойлау тәсілнің функциясын атқарады.

Мектепке дейінгі балаға үлкен адамның сөйлесуі корекциялауға мүмкіндік береді және барлық танымдық процестерін дамытады: назарын аударуға, қабылдауын және есте сақтауды айқындауға,талқылауды құруға және шынвалықтан қиялын бөлуге. Психологтардың көбі баланың тіл дамуы оның психологиясының дамуының жүргізуші сызығы деп санайды. Бірақ тілдік қарым-қатынас түрінің басым болуы баланың әрекет түрлерін тоқтатады (ойын, конструкциялау, сурет салу). Нақты ситуацияларды талдау.

Қорыта келе, мектемке дейінгі мекемедегі баланың танымдық құзыреттілігін дамытуда біртұтас кеңістікті қолдану керек. Яғни, балаларды жан-жақты, барлық танымдық қасиеттерді дамытуымыз керек.

Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады.
Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған болса, тәрбиеші баланы жігерлендіруші, жол көрсетуші, қуат беруші болып табылады.
Сондай ақ ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті талқыланды.

Шешім

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдай туғызу.Тәжірбие алмассын.

2.Баланың тілдік құзыреттілігін қалай қалыптастырамыз?Баяндама.оқып таныстырылсын.

«Ақбота Д» бөбекжай балабақша меңгерушісі: Қ.Тайшабаева

Хатшы: Л.Бұлтбаева

№3 Педагогикалық кеңес хаттамасы.

27.02. 2023 ж **Жиналғандар саны – 12**

Күн тәртібі:

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2.Баяндама «Балабақша заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»,
3. «Санэпид. Ережелерінің орындалуы» жан-жақты тексеру қортындысы.
4. «Үздік портфолио» байқау қортындысы.
5. Көрме: «Өнер –өнерліге ғана оңай» педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцестегі қолданылатын көрнекіліктер.
6.Сұрақ жауап: «Кім мықты?»

Тыңдалды балабақша меңгерушісі К.Тайшабаева өткен кеңес шешімдерінің орындлалуына қанағаттанарлық деп тоқталып шолу жасап өтті.

2.Баяндама «Балабақша заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі», бойынша тәрбиеші Сейтова Анаркүл

3. Медбике «Санэпид. Ережелерінің орындалуы» жан-жақты тексеру қортындысы.
1. Осы "Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен қамтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұрады.Осы талаптардың орындалуын медбике медбике орындалу барысын жан-жақты көрсетті.
4. «Үздік портфолио» байқау қортындысы.педагогтар арасында өткізілген байқауда Л.Бултбаева үздік деп танылды.
5. Көрме: «Өнер –өнерліге ғана оңай» педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцестегі қолданылатын көрнекіліктер 2022-2023 оқу жылында Арт технологиясы бойынша педагогтар керемет бес салаға арналған ккрнекіліктер жинакталган әрі қолдан жасалынған көрнекіліктер жасалғанын көрсетті.

6.Сұрақ жауап: «Кім мықты?» Меңгеруші: К.Тайшабаева «Бала тәрбиесі – бесіктен» (халық даналығы)
«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»
(М.Әуезов)
Біздің балабақша – бұл сүйкімді, аяулы, ақылды, көңілді, көрікті, батыл да батыр, өнер мен білімге құштар білдіршіндердің алтын ұясы.
Біздің балабақшадағы әр бала үшін жасаған іс-әрекетіміз осы бүлдіршіндердің дамуы мен жетілуіне бағытталады. Балабақшаның басты міндеті-бала тәрбиелеу, яғни балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Бұл мақсатты тікелей іске асыратын педагог-тәрбиеші.

Тәрбиеші – өте нәзік инструмент, ол барлық адами қызметтерді өзінде жинақтауға ұмтылады. Ол философ, ұйымдастырушы, оқымысты, психолог, артист…
Сондықтан, оның бойындағы байқалатын қызметтерге сыйластықпен қарай отырып, оны жетілдіруге көмек көрсетуге және бұл инсирументтің ерекшеліктері мен даусына үн қосу-негізі міндеттердің бірі. Әр тәрбиешінің білімі мен біліктілігін көтеріп, еңбегін бағалап, қәдірлеп, мадақтап отыру ұйым басшысының мәндеті.
«…Баланы жан-тәніңмен сүймей баламен жұмыс жасау-ескексіз қайықпен су бетінде әрлі-берлі толқынмен бірге бағытсыз ырғу»
Сол балаға деген сүйіспеншілік мені осы мамандыққа әкелді.
…Бала дүниеге іңгәлап келгеннен кейін, өз отбасымен, өз елімен қауышып, бесіктен түлейді.
Бір жасқа толып, аяғын апыл-тапыл басқаннан кейін өзінің жеке –дара бесігінен, «Балабақша» деген үлкен бесік тәрбиесіне беріледі. Балабақша –баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы.Балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты.
Ұстаз- киелі мамандық.Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін- ұлтын тәрбиелейді.Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами құндылықтарды бойына дарыту- ол оңай шаруа емес.
Тәрбиеші – суретші, әртіс,әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог.
Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай қоғамда оңды өзгерістер көп болды.Елдің ертеңі мен ұлт болашағын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда мектепке дейінгі мекемелерге де үлкен жүк артып отыр. Ел басымыз «100 мектеп», «100 ауруxана» салу керек деген мемлекеттік бағдарламасының өзі жоғарыдағы біздің ойымыздың түп төркіні болса керек.

ШЕШІМ

1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалсын.
2.Баяндама «Балабақша заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»,оқып таныстырылсын.
3. «Санэпид. Ережелерінің орындалуы» жан-жақты тексерілсін.
4. «Үздік портфолио» байқау қортындысы.
5. Көрме: «Өнер –өнерліге ғана оңай» педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцестегі қолданылатын көрнекіліктер жсалынсын.

«Ақбота Д» бөбекжай балабақша меңгерушісі: К.Тайшабаева

Хатшы: Л.Бұлтбаева

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 29.05.2023 ж **Қатысқандар саны– 12**

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының қорытындылары ».
Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу
№3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы
3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбилердің жылдық жоспары

1.Т ы ң д а л д ы : балабақша меңгерушісі К.Тайшабаева өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына қанағаттанарлық.Және де 2022-2023 оқу жылының қорытындылап өткізілген іс шараларға тоқталып өтті. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар Наурыз мейрамы қарсаңында өткен ертеңгіліктер да қанағаттанарлықтай өтті.Ертеңгілікте қазақтың салт дәстүрлері бойынша ойындар ұйымдастырылып,тапсырмалар берілді. Дайындық аз болған. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.
Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.
Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.
Сөйледі: Балабақша әдіскері Л.Бултбаева
Жас маман жетекшісі жауапты тәрбиеші ретінде бірігіп жасаған жұмыстарын қорытындылайтын болсақ , тәлімгер оқу жылы басынан перспективалық жоспармен, циклограммамен, күнделікті ҰОҚ мен қалай

жұмыс жүргізуін үйреткен. Ашық ҰОҚ-не қатысып, өздеріне берілген тапсырмаларды орындап отырды.

1 желтоқсан-Президент күнін, тәуелсіздігіміздің қарсаңында «Ақбота» топпен ұйымдастырылған оқу қызметіне өз үлесін қосты. Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі,ертеңгіліктер күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би,ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.
Сөйледі : Тәлімгер тарбиеші жалпы О.Акшалова туралы айтар болсам өткен жылдан бері айтқанды дұрыс қабылдайды.
әдістемелік,шығармашылық шеберлігі арта түскені,үнемі ізденіс үстінде білмегенін сұрап білуге тырысатыны ,үлкендерді сыйлауы, ата-аналар, балалармен қарым қатынасы өте жақсы деп бағалай аламын.
Өз басын көпшіліктің ортасында дұрыс алып жүру, ұжымда сыйлы, жарқын мінезді ,адал,болашағынан көп үміт күтетін ұстаз болатынына сенімім зор.
Жалпы қорыта келе айтарым болашақта аға ұстаздардың ізің басушы ,жаңа заманға сай интернет,компьютор,электронды ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын,өз білімін жетілдіре білетін,шығармашыл ізденісте қажымайтын, ұстаз болуға бейімделіп , жаңа технологиялардың қыр сырын меңгеріп аша алатын, жас маманның бірі болады деп бағалаймын
2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы оқу процесінің қорытындысына келер болатын болсақ Үлгілік бағдарламаға көп ман беріп ар бір топ өз жауапкершілігін нақты жауапкершілікке алса нұр үстіне нұр болар еді деп өз сөзін толық егжей тегжейлі жалпыға міндетті стандарт талаптарына тоқталып кетті.
3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбилердің жылдық жоспары Тыңдалды: балабақша мамандарымен медбике жылдық жоспар бойынша есеп беріп өтті.2022-2023 оқу жылындағы барлық ұсыныс сын пікір және қанағаттанарлық деп пікірлерін білдірді.
Тәрбиешілер мамандармен бірлесе отырып алдағы уақытта жойатындығы туралы шешімге келді.

4. Сөйледі: балабақша меңгерушісі К.Тайшабаева жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті.Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты

Шешім

№3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасалынсын.
2. Оқу процесінің жылдық қорытындылансын.
3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбилердің жылдық жоспары толығымен есеп берілсін.
4.Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстырылсын.

«Ақбота Д» бөбекжай балабақша меңгерушісі: К.Тайшабаева

Хатшы: Л.Бұлтбаева